

ӨЗІ ДЕ, ӨЛЕҢІ ДЕ ӨЖЕТ ЕДІ

Әкем аңшылық қылған кісі. Ал, аңшы мен балықшы таң сәріден оянып, ас-суын апыл-ғұпыл іше сала атқа қонады, көршілер түндігін жаңа ашып жатқанда, аңшы үйі іштегі, тыстағы біраз шаруасын тындырып істеп тастайды...

Бала жастан сүйегіңе сіңген дағды да дәл бір сүтпен біткен мінез кісі қанында қалып қояды екен. Қандай кеш жатсам да ерте оянам. Ескі дағды бойынша бүгін де елең-

алаңнан тұрып, столға отырдым. Ойым—көптен бері кол тимей көңлім суып бара жатқан бір шаруаны әурелеп көрмекші едім. Күн шығар-шықпастан кесір ғып бүгін тағы да ыстық аптап басталды. Онсыз да ұйқы қанбай ояңғасын ба, басым ауырып, денем дел-сал боп отырдым. Алдымда жатқан қағаз, қарандашты ашуымен ары ысырып тастап, тұрып кеттім. Дәл осы кезде почта келді. Хат. Өзіміз жақсы көретін бір жуан журнал жазыпты. «Соңғы екі жыл ішіндегі бір жайында пікіріңді айтыңыз!»—депті. Жұмысың жүрмей басың қатып тұрғанда осындай төтен шаруалар тап бола кетеді. Не жазам? Әдебиет сыны кейінгі жылда қалай өрістеп жатқанын мен қайдан білем? Қызық екен? Сыртқа шықтым.

Сіркем су көтермейді. Қала іші қапырық. Әншиінде жапырақтан жүзі көрінбейтін жасыл теректердің басында дамылсыз дүркіреп ұшып, қонып жүретін сайрауық құстарда үн жоқ. Осыдан қашан кеш түсіп, күндізгі ыстық аптап басылғанша қыбыр етпейді. Тек окта-текте терезе тұсындағы терекке көз тігетінім бар. Сонда ғана осынау қайнаған ыстықта қозғалуға әл-дәрмені құрыған жұдырықтай сұр торғайды көресің, әуелі тас моншақтай қап-қара көзін көресің. Сонан соң кішкентай тұмсығын, тілін, таңдайын көресің. Бойындағы бар ылғалын ыстық аптап қағып алған қаудырлақ жапырақ арасына кіріп, бір бұтаққа бауырын басып жатып алған пақырлар қанатын жиып алуға да шамасы келмей, екі жағына салбырап жайылып кеткен. Таңдайы қаталап бүйірін соғып ырсы-ырсы дем алады. «Жаңбыр құйып жауар ма еді? Ой шіркін-ай мына қапырық дүниенің тынысы ашылып-ақ кетер еді ғой»,—деп ойлап, көкке көз тігесің. Кенет күтпеген жерден есіме Москва журналының хаты сап етіп түсе кетті. Кейінгі екі жылдағы сын жәйі. Сын... сын... Бәсе, біздегі сын жәйі қалай? Әдебиет сынына неге үнемі ырза болмай кіржіңдей бастаймыз. Сонымыз не? Қай мінезі ұнамайды? Мінез демекші... Әдебиеттің жауынгер жанрына бірден-бір керек қасиет — м і н е з ғ о й. Ал біздің сынымыздың мінезі қандай? Ақын, жазушылар әрине «тыныш, жайлы» деп жауап береді. Бірақ, сол сөз бе екен. Жауынгер жасақтың сапында тұрған да өзіңді «қой аузынан шөп алмайтын момын»,—деп мақтаса ұнай қояр ма еді?

Біздің сынның бір кемшілігі талдаған шығарманы жазушыдан бөліп, жеке басын даралап сөз етеді. Шынына баққанда қаламынан шыққан әрбір шығармаға кім шыбын жанын салмаушы еді. Күндізді қойғанда ұзақ түнде кірпік ілмей, шам сәулесінің түбінде сарылып таң атырады. Сол

түні ақын он ойланып, жүз толғанып жазған өлең жолына өзінің жылы төсегі мен тәтті ұйқысын, тыныштығын ғана құрбан қып қиған жоқ. Сол түні ол тұла бойындағы ең бір асыл қасиеттері қажыр-қайраты мен жалынды жігерін, өжет-өрлігін осы жолға төкті. Жылдар бойы зердесіне түйген түйсігінде сарқып беріп, бозарып атқан таң сәулесі терезеден түскенде ақын беті құп-қу боп бозарып құр сүлдері түрегелмеуші ме еді?! Осы жалған ба? Жо-жоқ, шын мәніндегі нағыз ақын шығармасын қолыңа алшы. Кез келген бір бетін ашып жібер де, аяғына дейін оқып шықшы. Ақын жүрегі шығарманың тұла бойына көк тамырын тұтас жайып жіберіп, лүпіл соғып тұрмай ма?

Бізде жақсы ақындар көп. Алды әдебиеттің көш басшысы болды. Өне бір жылы соғыс бітіп, жұрт әскерден оралған кезде осы күндері алды алпыстан асып бетіне әжім түсіп, басын боз қырпу шалып жатқан ақын ағаларымыз қырыққа я келіп, я келмеген еді. Олар да жорықтан жақында ғана оралып, кешегі бір қаһарлы жылдарда солдаттың ащы тері сіңіп, оқ-дәрі ісі өн бойынан аңқып тұрған салпы етек сұр шинелін иығынан әлі тастай қоймаған. Төрт жылғы сұрапыл соғыста уысынан автомат түспей, буыны қатып кеткен қол қалам ұстауға жүрексінетін сияқтанады. Ертеректе талай-талай түнді шам сәулесінің түбінде ағартып атырған столдан да солдат ақын бауыр жазып суысып кетіп, енді қазір құдды қамыттан шығып кеткен құратша бел ауыртып істейтін еңбекке пейіл бере қоймай қыңыратқып жүрген кезін көрдік. Әскерден оралған ақын-жазушылар саны біраз болатын. Солардың ішінде менің есімде қаттырақ қалған үш кісі — Тайыр Жароков, Қасым Аманжолов, Әбу Сәрсенбаев. Жастары қарайлас болғанмен де осы үш ақынның түрі-түсі, мінезі, ісі әр басқа. Әсіресе таланты мен тұла бойларындағы ақындық оты, шабыты бір-біріне мүлде ұқсамайтын. Жұрт алдына шығып өлең оқығанда әдетте дүрілдетіп ала жөнелетін Тайыр көлденең көзге өр мінезді көрінетін. Саңқылдаған ашық даусы мен жарқ-жұрқ еткен ала көзі де осы бір ашаң бойлы қара сұр ақынның өжеттігін ғана пәш ете түскендей еді; ал, бірақ шынына баққанда ол бір жаратылысынан иі жұмсақ, тірі бір жанның бетіне жел боп тимейтін бала мінезді кісі болатын. Өлең оқырдағы мінезі оның өзі жақсы көретін атакты бір ақынға еліктеуден шыққан бергі жақтан жамап алған болмашы ғана әуегейлігі. Оны қанжығалас жолдастарының бәрі білетін де, талантты жанның бойындағы осы бір сәл ғана осалдыққа кінәратсыз қарайтын. Тәкеңнің соғыстан кейін жазған ірі шығарма-

сы—«Жапанды орман жаңғыртты». Азамат ақынның халықпен бірге бейбіт өмірге бет бұрып, жапан түзді жаңғыртбақ боп бір кісідей жұмылып еңбек етіп жатқан ерлерді жырлайтынын поэмаңыз атынан аңғарасың. Я атының өзі жұрт алдына өлеңін оқымақшы боп шыққан Тәкеңнің тап өзінің мінезіне басып айқайлап тұр? Тәкең тұтынған жолын қатты ұстайтын көңілі аппақ ақын. Әрбір өлеңінің атынан бастап, уағаздамақ болған идеясы, сезімі, образ жүйесі мен басқада бар-бар компоненттері қолға таяқ ұстатқандай боп көзге ұрып тұратын ап-анық, ап-айқын болушы еді. Ақ қағазға өлең кестесін түсіріп отырып тігіс астарына байқамаған боп қалдырып кететін бұқпантай ой эсте ақын ағада болған емес. Замандасына, болашақ бейтаныс ұрпаққа айтсам-ау деген арманы мен арғы жағындағы ойын жұмбақтап татаусыз сезімнен түйін түйіп, тұспалдай сөйлеп көрген жоқ. Бұл оның жалаңдығынан емес. Ақынның өзіне, өмір құбылысына, жан-жағында қайнап жатқан халық тірлігіне деген адал ақ көңілінің тазалығы,— деп қана қараған дұрыс. Рас, Тәкең өмір құбылысын өзінің шындық болмысынан гөрі өсіріңкіреп, ақындық пафосқа салып, жалынын лапылдатып қояды. Ондайда өлеңнің өн бойына өзек боп тартылған ойы мен сезімі ғана емес, тепсінгенде темір үзетін екпіні де қатты. Кейде үстіңдегі үйді құлатардай-ақ дауылдатып ала жөнеледі. Ақын тапқан теңеулер мен сөз саптаудағы өзіндік ерекшелік әдісінде де Тәкеңнің талантына тән оқыс мінез, оқшау қылықтар бар. Тәкең теңеудің де, сөздің де қайда бір ірісін, тұла бойында желі бар өршіл, оттысын таңдап ап отыратын. Халық қолымен отырғызған кешегі көк шыбықтардың капелімде көк жапырағы жаутылдап қаулап көтеріліп кеткеніне ақын балаша мәз боп отырады да, кенет бір терекке шұқшыып назар аудара қалады: «Орманның генералындай қасқая қарап тұр емен». Кешегі сұрапыл соғыстың солдаттына зәулім бәйтеректің генералға ұқсап кеткені қандай жарасып тұр.

Кісі қанша қатар жүрседағы бір-бірін басы-аяғына дейін біле бермейді ғой. Біз бәрімізде Тайыр ағаның ерлігі мен өрлігін тар өткел аузында, ажал мен бетпе-бет келгенде білдік.

Майданнан киіп қайтқан сұр шинелін үстінен ұзақ тастамаған бір ақын—Қасым Аманжолов еді. Біз сияқты шалғай шеттегі ауылдан келген бала жігіттер ауызға ілігіп жүрген қазақ ақындары мен жазушыларының бұрын-соңды өзін көрмеседе, өлеңін оқып, сыртынан ынтазарланып құмартып келесің. Жасыратыны жоқ: қайсыбіреуле-

рін алғаш рет көргенде көңлің орта соғып, пәс боп қаласың. Тұлпардың тұлпарлығы түрі, тұлғасында емес, қиқу шыққанда құдды қанат байлағандай бауры жазылып, қалың тобыр арасынан суырылып шыға беретін шабысында екенін сыншы сейіс болмаса, қалған халық қайдан білсін. Қасым сырты сұлу кісіге жатпайтын. Киіктің асығындай ғана кішілеу арық жігіт. Кішілеу бетінде де атақты ақынға тән әдемі мұрт, сыршыл ұяң жүз, тұңғық қара көз телміріп қадалмайтын. Сырт түрінде көз тартатын ерекше бітім-бейне болса, ол, әрине, аң алатын құстай қапысыз әзірлігі, қанатын қомданып алған шапшаңдық, іліп түсер шалт қимыл сезілетін. Сонан болар, ақынның ықыласы түскен кісіге ырзалығы мен қатар әр дайым ашу, ызасы сыртына шығып, кішілеу қырғи көз қадалғанда атып жіберердей жалт ете қалатын. Ол енді оқтаулы мылтықтай. Кезенген оғын атады. Жайратып салады. Осы ісі, осы тұстағы қылығы соңрағы күні бұның өз басына қаншалықты тиімді, тиімсіз болатынын ойлап жатпайды. Зәтінде Қасым жұрттың көңілін жылы сөз, жылмиған жүзбен ауламақ боп әлек болмайтын. «Таланыма біткен мінезім осы. Көңліңе жақса—қабылда, жақпаса—кайтеміз, жүзіміз жараспаған шығар»,— деп қабақ шытып қиналып жатпастан бұрылып жүре беретін. Ақынның тура айтатын тік мінезі тірісінде баз біреуге ұнаса да, баз біреулер жаратпай сыртынан жұдырық түйіп зығыры қайнап жүретін. Түбі әйтеуір соның бәрі ақын аруағына бас иди. Иә, үлкен талант түбі жеңбей қоймайды. Ең аргы жағы түрінде текеше тіресіп, өзеуреп мойындай қоймаған неше түрлі қиқарлар да, өлгеннен кейін өзінше райдан қайтқансып ақын рухына лажсыз табынады. Бұл қиқарлардың көңлі түзеліп, көкрегінде саңлау ояңғаны емес. Жо-жок, бұл ұлы таланттың бойындағы тағы бір құдыретті қасиет.

Қазіргі қазақ Қасымның өз тұрғыластарының арасында теңдессіз ірі талантын тегіс таныды. Тек тамаша ақын орыс оқушыларына әлі таныла қойған жоқ. Көзі тірілер өз басының қамын ойлаудан аса алмай жүр. Арамыздан кеткен ірі-ірі ақын, жазушыларды орыс тіліне аудартқанды мұрат көріп, ыңғайы келгенде бір-бір аудармашының қанжығасына байлап жібере бергендей Махамбет, Бейімбет, Ілияс, Сәкен, Қасым халық қазынасының шетке шығарып қойған жанға батпайтын жеңіл-желпі дүниесі емес, ғасырлап жасаған халықтың тарихи өсу жолында жиған-терген алтын қазынасы олар. Басқа халыққа бетке ұстайтын кісілеріңді айтып мақтанғаныңнан гөрі қолда бар асылыңның алтынын жарқыратып, түп нұсқаның дәл өзіне

жеткізіп танытқанға не жетсін. Ал ақын Қасым әлі күнге өзінің аудармашысын таба алған жоқ.

Қазақ топырағында Қасым өзінен бұрынғы бірде-бір ақынға ұқсамайды; ал Қасымға ұқсайтын, тіпті Қасымның аузынан құйылып түсе қалғандай ақындар қазіргі қазақ поэзиясында көбейіп кетті. Қасымға тән қанатты қиял, шабытты сезім, алмас жүзді өткір ой, көкейдегіні тап басытын тапқырлық, құлқы түсіп құшырланып кеткенде өлең жолынан от төгіп жіберетін оқшау шабыттылық, айтыңызшы, және, қазіргі тамаша ақындарымыз — Тұманбай мен Ғафу, Сағи мен Өтежан, Қадыр мен Жүмекен, Мұқағали мен Қайрат поэзиясында жоқ па?

Бар ақынның бәрі талантын шындайтын шәкірттік шақты басынан кешеді. Айрықша алғашқы көк шыбық кезінде әрбір ақын алдындағы ұлттық әдебиеттің бір ірі тұлғасына еліктеуі сөзсіз. Ондай шақты Қасым Аманжолов та басынан кешті. Қасым өзіндік анық, айқын бояуы, нақыш өрнегі, көркем кестесі бар дара туған талант. Соған қарамастан оның да талантына нәр алған, салқын самал саясында ләззат тауып, ғұмыр бойы рахатқа батқан орыс поэзиясының бір алып бәйтерегі болғаны анық. Қасым өлеңдерінің ең бір қанды, қызулы, өткір, өжет жолдарының өн бойына шын зер салып қараған кісі Лермонтов жүрегінің жалынын қиындықсыз сезеді. Я, Қасым да еліктеді. Қасым да ұлы ұстаздың аруағы алдында басын иді, балалық шәкірттікті басынан кешті. Онысы, бірақ, көзсіз құр еліктеу емес еді, ұшы-қиыры жоқ әдебиет әлеміндегі алыптардың ығынан пана іздеу, саясын сағалау, айбарлы бай ауылдың іргесіне іздеп барып қонсы кону да емес. Не әлде сол ауылдың шашылып бөлек-салақ жатқан мол дүниесіне қызықтап, құмартып қарап, мөлііп көз сүзу де емес. Жо-жоқ, бұл әрбір ірі кеменің ұлы теңізге шығар алдында тар өзектен жөн тауып аман-есен өтіп кету үшін қойған шырақшы отының сәулесіне маңдай түзеп туралап алғаны. Суға салған кеме неғұрлым үлкен болған сайын, солғұрлым қашан кәнігіленіп ысылып алғанша тар өткелден өту қиын. Сонан соң әрбір ірі ақынның ғұмыр бойы көз алдында қарақшыдай ұстап отыратын бір-бір шамшырағы болғаны заңды-да.

Қасым «Дауыл» поэмасын жазды. Сол сол-ақ екен тік мінез тентек ақынның оқта-текте басында үйіріліп қалатын бұлттың етегі ыдырап, аты ауыздан-ауызға тарап дүрілдеді де кетті. Шынын айту керек шалғайы салпылдаған сұр солдат шинелі осыдан кейін ғана ақын иығынан түсті.

Соғыстан оралған ақын, жазушылар бұл кезде баратын

жерінің бәрін адақтап тауысып, қыдыратын үйлерінің бәрінде болып, мауқын басып қалдыма. Не әлде Қасымның «Дауылы» қамшы болды ма, кім білсін. Әйтеуір бәрі де жазу столына отырды. Кеше ғана төрт жыл бойына автомат қысқан қол, енді қаламды сәлекет ұстап, кеудесін кернеген кешегі бір дүлей сезім-кек пен ызаны қайта тірілтіп қағаз бетіне түсіре бастады. Халық тағдырына қатер төнген барша жан бір адамдай боп аттанды, төрт жыл бойы ат ауыздықпен су ішіп, ер төсектен безіп, қыз анадан, ұл атадан айрылып, жас бала сақал, мұрт шығып жат бола жаздаған қаһарлы заман жайын бүгінгі күні жырға айналдырып, бірі — поэма, бірі — роман, бірі — драма жазып жатты...

1969 жыл